



**ҚҰРМЕТТІ ШЕКАРАШЫЛАР,
АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР!**



Сіздерді, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Әскери кеңесі және өз атымнан 18 тамыз – Шекарашылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1992 жылы 18 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен КСРО-ның Шығыс шекара округінің базасында Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері құрылды. Содан бері 33 жыл бойы қазақстандық шекарашылар еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қалт жібермей күзетіп келеді. Осы жылдар ішінде Шекара қызметінің құрылуы тәуелсіздіктің басқа да атрибуттарын қалыптастыру сияқты күрделі жағдайда өткені тарихтан белгілі. Өйткені, шекараның мызғымастығын қамтамасыз ету – кез келген мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндеті. Шекара қызметі бүгінде осынау міндеттің үдесінен шығып қана қойған жоқ, соңғы үлгідегі шекара басқармасы, заманауи шекара бөлімшелері бар элитаға айналды.

Шекараның қырағылықпен қорғалуы – мемлекеттегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың негізі. Қазақстан Президенті – Жоғары Бас Қолбасшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей қолдауымен Тәуелсіз еліміздің шекарасы сызатсыз күзетіліп, халық сенімінен шығып келеді. Бүгінде шекарашыларға Мемлекет тарапынан аз қамқорлық көрсетіліп жатқан жоқ.

Жасанды интеллект дәуірінде шекара бөлімшелері жаңа техникалармен қамтамасыз етіліп, шекарамыз ақылды технологиялармен күзетілуде.

Батыр бабаларымыздың рухымен Тәуелсіз еліміздің кең байтақ жерін көздерінің қарашығындай қорғап келе жатқан шекарашыларымыздың бойындағы қайсарлық пен батылдық ұшқыны ешқашан өшпек емес.

Төл мерекеміз құтты болсын! Шекарамыз шегеңдеулі, әрбіріміздің отбасымыз амаң, шаңырағымыздан шаттық кетпесін деп тілеймін!

Құрметпен,
ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор Е. АЛДАЖҰМАНОВ



«КӨКСУ» –
ШЕКАРА
ШЕБІНДЕГІ
РУХЫ БИІК
БӨЛІМШЕ

3



ТАУДАҒЫ
ДҮМПЫ

5



БОЛАШАҚ –
ЖАС
ОФИЦЕРЛЕР
ҚОЛЫНДА

10

ОҢТҮСТІКТЕГІ ШЕПТІҢ ҚАЛҚАНЫ



Шымкент қаласында орналасқан ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінің Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасы – еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғаудағы алдыңғы шептегі маңызды бөлімшелердің бірі. Бұл басқарма 2020 жылы қайта жасақтаудан өтіп, мемлекеттік шекараның Өзбекстан және Қырғызстан Республикаларымен шектесетін учаскесін сенімді түрде күзетуді жалғастырып келеді.

Жауапкершілік аймағына шекара бөлімшелері және өткізу пункттері кіреді. Олардың ішінде стратегиялық маңызы бар «Қазығұрт» (автокөліктік) өткізу пункті және «Шымкент» (әуе) шекаралық бақылау пункттері бар. Мемлекеттік шекара заманауи инженерлік құралдармен жабдықталған: инженерлік қоршаулар, бақылау-із кесу жолағы, шекаралық бақылау мұнаралары және жасырын бақылау постары орнатылған.

Басқармада бүгінде белсенді жедел және әскери іс-шаралар кешені өткізіліп келеді. Нәтижесінде режим талаптарын бұзған, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткендер анықталды. Сондай-ақ жүктерді контрабандалық жолмен өткізу әрекетінің және есірткі заттарын алып өту фактілерінің жолы кесілді.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша «Шымкент» шекаралық бақылау бөлімшесі Шекара қызметі бойынша үздік деп танылды. Ал департамент аясындағы «Үздік шекара бөлімшесі» атағы «Қақпақ» шекара бөлімшесіне бұйырды. Бұл нәтижелер жеке құрамның жоғары кәсібилігін, тәртібін және жандықтарын көрсетеді.

Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасы – бұл картадағы сызықты ғана күзететін басқарма емес, бүкіл өңірдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін елдің оңтүстік шебінің сенімді қалқаны. Еліміздің оңтүстігіндегі осы сенімді қалқанның артында мыңдаған отандастарымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігі тұр.

Майор Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Суреттер
шекара басқармасынан.



ҚОС МЕРЕКЕ

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ӨМІР: ТАҒДЫР МА, СӘЙКЕСТІК ПЕ?

18 тамыз – оның өміріндегі қос мағыналы белес: бір жағынан туған күні, екінші жағынан, өзінің кәсіби мерекесі – Шекарашылар күні. Бұл сәйкестік Қанаттың тандауының кездейсоқ еместігін меңзейтіндей. Уақыт сынынан өткен адалдық пен мінез қалауы оны шекара шебіндегі сенімді қалқан етіп қалыптастырды.



Бүгінгі бейбіт аспан мен тыныш тірліктің ар жағында үнсіз еңбегімен ел қорғанын берік ұстап тұрған азаматтар аз емес. Солардың бірі, аға сержант Қанат Губашев. Ол 1984 жылдың 18 тамызында Батыс Қазақстан (Орал) облысы, Жәнібек ауданы, Күйгенкөл ауылдық округінде дүниеге келген. Таңғаларлығы, дәл осы күн Қазақстанда Шекарашылар күні ретінде атап өтіледі. Тағдырдың бұл сәйкестігі бөкер емес секілді, туған күн мен өмірлік жолдың үндесуі оның тандауының терең мағынасы барын айғақтайды.

Қанат екі жоғары білімнің иесі, мамандығы – инженер-электроншы. Техниканың қыр-сырын жетік меңгергенімен, жүрек қалауына құлақ түріп, өмір бағытын Отан күзетіне бұрды. 2007 жылы Шекара қызметінің сапына келіп, содан бері ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде ысылған майталман маманға айналды.

Оның қызметі – жай ғана жұмыс емес, бұл өмір салты. Құпия құжаттармен жұмыс істеу тәртіп пен ұқыптылықты, мінсіз атқару мен жауапкершілікті талап етеді. Қанат осы талаптың бәрін күн-делікті дағдыға айналдырған. Регламентті мүлтіксіз сақтайды, тапсырмаларды жоспарлап,

мерзімінде орындайды, істі соңына дейін жеткізу – оның басты қағидасы.

Қанат – қызметте талапшыл, отбасында мейірімді әке. Үйінде үш қыз бен екі ұлды тәрбиелеп отырған отағасы. Жан жары – шаңырақтың ұйытқысы, үй шаруасын ұқыпты дөңгелететін үйдегі

алтын қазық. Отбасындағы береке мен татулық оның қызметтегі сабырын, ерік-жігерін нығайтып, әр қадамына сенім дарытады.

Әріптестері Қанатты «жұмысымен өмір сүретін», «жауапкершілігі жоғары», «мерзімінде мінсіз орындайтын» маман деп сипаттайды. Ол ұжымдастарының



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ,
«ОС-ЧР». Сурет
жанұя мұрағатынан.

пікірін тыңдай білетін, жас қызметкерлерге бағыт-бағдар беруден аянбайтын ілтипатты ұстаз.

Адам ретінде – жайдарлы, қайырымды, қолғабыс беруге әзір. Қоғамдық шараларда белсенді, сөйтсе де даңғазас емес; нәтижені әрекетімен дәлелдеуді жөн көреді. Спорттық дене бітімі – тәртіп пен тәзімнің жемісі. Бос уақытында футбол ойнап, сергу мен командалық рухты ұштайды. Ұлттық өнерге де жақын домбыра тартып, қазақы әуезді көңілдің ажарына айналдырады. Спорт пен өнерден алған үйлесім оның қызметтегі жинақылығы мен дәлдігін толықтырады.

Еңбегі елеусіз қалған емес. Шекарашы басшылық тарапынан бірнеше мәрте алғыс хаттарымен, директордың Құрмет грамотасына ие болды. Сонымен бірге Батыс Қазақстан облысының әкімі атынан берілген Алғыс хаты оның өңір қауіпсіздігіне қосқан үлесі мен мемлекеттік қызмет сапасын арттыру жолындағы табандылығының нақты дәлелі.

Аға сержант Қ.Губашев – бүгінгі қоғамға қажет еңбекқорлықтың, тәртіп пен адалдықтың айқын үлгісі. Техникалық сауаттылық пен мемлекеттік қызметкерге тән мұқияттық, отбасындағы береке мен ұжымдағы сыйластық, бәрі бір арнаға тоғысқанда, біз ел тыныштығы үшін еңбегін аямайтын кәсіби тұлғаны көреміз.

«КӨКСУ» – РУХЫ БИИК БӨЛІМШЕ

Жетісу жері – көк майса даласы мен заңғар таулары астасып, өзендері күміс арқандай өрнектелген өлке. Осы өлкеде, Текелі қаласының әкімшілігіне қарасты, Панфилов ауданы аумағында орналасқан шағын ғана Рудничный ауылы – тарихы бай, тағдыры тереңнен өрілген мекен. Аталған мекенде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Көксу» шекара бөлімшесі орналасқан.



Ауылдың атауы өткен ғасырдың кен өндіру тарихымен астасып жатыр. Кеңес дәуірінде бұл маңда кенорындары ашылып, темір жол тартыла бастаған шақта, жаңа жұмысшы қоныстары салынып, солардың бірі кейін «Рудничный» аталды. Уақыт өте өндіріс баяуласа да, ауыл тіршілігі тоқтаған жоқ. Табиғаттың таулы-өзенді сұлулығы мен шекараға жақындығы оның тағдырын айқындап берді.

Өңірдің тағдыр жолында ерекше орын алатын нысан – «Көксу» шекара бөлімшесі. Аталған бөлімше Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданына қарасты шекара басқармасының құрамында. «Көксу» атауы да тегін емес – ауылдың дәл іргесінде Көксу өзені сарқырап ағып, талай буын шекарашылардың қырағы қызметіне серік болған.

Шекара шебі – бұл жай ғана картадағы сызық емес, бұл – елдің тыныштығы мен тұтастығын сақтайтын қасиетті белдеу. Мұндағы әскери қызметшілердің әр күні – жауапкершілік пен тәртіптің үлгісі. Бөлімшенің аумағы жасыл желекке толы: Рудничныйдың бүгінгі бейнесі – өткеннің

өрік, шие сияқты жүздеген жеміс ағашын отырғызып, өз қолымен күтіп-баптауда. Бұл – бір жағынан табиғатқа деген құрмет болса, екінші жағынан, келешекке қалдырған жасыл мұра.

Ауыл халқы еңбекқор. Көпшілігі мал шаруашылығымен егіншілікпен айналысады. Мұнда қазақтың қонақжай дәстүрі әлі де берік сақталған, алыстан келген жолаушыны төрге шығарып, дастарқан жайып қарсы алу – бұл ауылда әдеттегі қалып.

Рудничныйдың бүгінгі бейнесі – өткеннің

Қазақстан Республикасының шекарасы – еліміздің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің негізі. Мемлекеттік шекараны қорғау мен күзету – елдің егемендігі мен тыныштығын қамтамасыз ету жолындағы маңызды міндеттердің бірі. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Семей шекара басқармасының құрамындағы «Қарағайлы» шекара бөлімшесі осы міндетті абыроймен атқарып келе жатқан стратегиялық маңызды бөлімшелердің бірі болып табылады.

«Қарағайлы» шекара бөлімшесі 2001 жылы мамыр айында Бесқарағай ауданы Ернарзай ауылында ашылды. Бастапқыда «Солтүстік» өңірлік басқармасының құрамында болған бұл бөлімше еліміздің шекарасын күзету және қорғау ісін маңызды тапсырма ретінде өзіне қабылдап алды. Бөлімше құрылған күннен бастап, шекараның берік күзетілуіне, сондай-ақ елді мекен тұрғындарымен бірлесіп отырып шекаралық қауіпсіздіктің сақталуына үлкен мән берілді.

Шекара бөлімшесінің ғимараты талапқа сай жасақталған қару-жарақ сақтау орындары, жаттығу өкізетін қалашықтар, автотұрақ және қоймалар – жеке құрамның жұмысын тиімді атқаруын толықтай қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бөлімшеде инженерлік құрылыстар мен бөгет құралдары бар, олар шекараның сенімді түрде күзетілуіне өз үлесін қосады.

«Қарағайлы» шекара бөлімшесінің негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны қорғау. Бұл тек қана заңсыз шекаралық бұзушылықтарды болдырмау емес, сондай-ақ еліміздің тыныштығын бұзуға тырысатын діни-экстремистік топтардың жолын кесу, есірткі мен психотроптық заттардың ел аумағына кіріп кетуін болдырмау, шекаралық қауіпсіздікті арттыру бағытында кешенді жұмыстарды атқару болып табылады.

Бөлімше Қазақстан Республикасының Конституциясына, шекараны күзету туралы заңдарға, сондай-ақ ҚР Қарулы Күштері мен басқа да әскери құрылымдар туралы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өз міндеттерін атқарады.

Қарағайлық шекарашылар өздерінің ел шебіндегі қызметтерімен қатар күнделікті жаттығулары мен кәсіби дайындыққа да ерекше мән береді. Бұл – жеке құрамның

жауынгерлік дайындығы мен білімдерін арттыруға мүмкіндік береді. Бөлімшеде қызмет ету – бұл тек шекара күзетуі ғана емес, сонымен қатар әрбір әскери қызметшінің өз міндеттеріне деген жауапкершілігін арттыру, патриоттық рух пен Отанға деген адалдықты көрсету болып табылады.

«Қарағайлы» шекара бөлімшесі шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы заманғы құралдар мен жаңа технологияларды қолданады. Әр түрлі байланыс құралдары, пилоттық аппараттар, шекара қызметін оңтайландыруға арналған инновациялық құрылыстар бөлімшеге шекараны тиімді түрде бақылауға және шекаралық бұзушылықтарды алдын алуға мүмкіндік береді.

Шекара бөлімшесі тек шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етумен ғана шектелмейді, сонымен қатар жергілікті қоғаммен тығыз байланыс орнатқан. Елді мекендердің атқарушы органдарымен, әкімдік, мектептер мен жергілікті халықпен бірігіп, көптеген қоғамдық шаралар өткізіледі. Шекара қызметіне тарту, шекараның маңызы туралы түсіндіру, мәдени іс-шаралар мен қайырымдылық жұмыстарын ұйымдастыру бөлімшенің негізгі әлеуметтік міндеттерінің бірі болып табылады.

Шекара бөлімшесі өз тарихында көптеген мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстады. Олардың арасында ең естелі қаларлығы 2022 жылы Ресей Федерациясынан қашып, Қазақстанға заңсыз жолмен өтпек болған Ресей әскерінің офицері «Жирин» болды. Бұл оқиға бөлімшенің жоғары кәсібилігін және шекараның сенімді күзетілуін тағы да дәлелдеді.

Бөлімшенің болашақтағы негізгі мақсаттарының бірі – шекараны күзету жұмысын одан әрі жетілдіру. Жаңа техникалар мен



технологияларды енгізу, қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдарды тиімдірек қамтамасыз ету үшін жетті құралдарды дамыту – бөлімшенің даму жоспарының маңызды бөлігі. Әскери қызметшілердің денсаулығын және тұрмысын жақсартуға бағытталған шаралар да жоспарда бар.

«Қарағайлы» шекара бөлімшесі Ресей Федерациясымен шектесетін 43 шақырымдық шекара учаскесіне жауапты. Осы шекаралық аймақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Ресеймен бірлесіп отырып жұмыс істейді. Өзара әрекеттесу мен күшті бірлесіп пайдалану арқылы шекараны сенімді түрде қорғау жолға қойылған.

Бөлімше жас ұрпақтың бойында патриотизмді қалыптастыру мақсатында үнемі әскери-патриоттық жұмыстар жүргізеді. Мектеп оқушылары мен жастарды шекара қызметіне тарту, шекараның маңызын түсіндіру, Отан қорғаудың әрбір азаматтың міндеті екенін ұғындыру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Исламбек Көрікбай 2001 жылы қыркүйек айының 4 жұлдызында Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген ҚР ҰҚК Шекара академиясын 2022 жылы аяқтап, қызмет жолын Абай облысы департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының

«Тасты» шекара бөлімшесінде бастаған. Мұнда бір жылдан аса уақыт қызмет етіп, біліктілігімен көзге түскен соң Семей шекара басқармасының қарамағына ауыстырылған ол өзінің қазіргі қызметіне білек сыбана кіріскенге дейін бөлімше бастығының орынбасары болды.

Қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттердегі көрсеткіштері мен жеткен жетістіктерінің арқасында 2024 жылдың қараша айынан бастап «Қарағайлы» шекара бөлімшесінің бастығы. Әр әскери қызметшінің өмірі, қызмет жолы бұл офицер үшін өте маңызды. Қызметті табысты өрбіту, шекараның сенімді күзетін қамтамасыз ету бөлімшенің негізгі міндеті деп біледі.

Ал ұжым бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары аға лейтенант Ұлықпан Шадімхан Қызылорда облысының ұланы. ҚР ҰҚК Шекара академиясын 2023 жылы аяқтап, қызмет жолын Абай облысы департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қарабұта» шекара бөлімшесінде бастаған. Өзіне бағынышты жеке құрамды қадағалау, күнделікті шекара бөлімшесінің қызметі офицер үшін ең маңызды жұмыс. Отандық патриотты болу әр Қазақстан Республикасы азаматының міндеті деп біледі. Өзі қызмет еткен шекара бөлімшелерінен үлкен тәжірибе жинап, болашақты еліміздің амандығы, шекарамыздың беріктігі деп жан беретін офицер үлкен жауапты лауазымдарда қызмет атқаруды мақсат етеді!

«Қарағайлы» шекара бөлімшесі еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызын түсіндіру, Отан қорғаудың әрбір азаматтың міндеті екенін ұғындыру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Исламбек Көрікбай 2001 жылы қыркүйек айының 4 жұлдызында Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген ҚР ҰҚК Шекара академиясын 2022 жылы аяқтап, қызмет жолын Абай облысы департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «ОС-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

ҚОРДАЙ ШЕБІНДЕГІ ОТАН ҚОРҒАНЫ

ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының «Қордай» шекара бөлімшесі – ел мен жердің тұтастығын күзетіп, мемлекеттік шекараның тыныштығын қамтамасыз етіп отырған маңызды шекаралық бөлімшелерінің бірі. Қордай асуының қақ төрінде орналасқан бұл бөлімше – аса жауапты аймақта қызмет атқарып келеді.



Тау бөктерінен басталып, жазық даламен жалғасатын шекаралық аумақ – табиғаты алуан, ауа райы құбылмалы өңір. Мұнда қызмет ету – тек кәсіби шеберлікті

ғана емес, төзімділік пен табандылықты да талап етеді. «Қордай» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері күндіз-түні шекара шебі бойында қырағылық таны

тып, заманауи техникалық құралдар мен бейнебақылау жүйесін тиімді пайдалану арқылы кез келген құқық бұзушылықтың алдын алады.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Сурет
бөлімшеден.

Бөлімшенің басты мақсаты – заңсыз көші-қонға тосқауыл қою, контрабандалық әрекеттерді болдырмау, шекара тәртібін бұзуға бағытталған кез келген әрекетке дер кезінде жауап беру. Қызмет барысында кинологиялық есептегі қызметтік иттер мен жылжымалы шекара бекеттері және жаяу шолғындары кеңінен қолданылады. Әскери қызметшілер әрбір тексеру, әрбір бақылау сәтінде өздерінің антқа адалдығын дәлелдейді.

«Қордай» шекара бөлімшесінде жеке құрамның әскери машығын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді. Жоспарлы тактикалық жаттығулар, атыс даярлығы, байланыс және инженерлік-техникалық жабдықтарды пайдалану бойынша сабақтар тұрақты өтеді. Мұның бәрі – жауынгерлердің кәсіби деңгейін арттырып, кез келген жағдайда шұғыл әрі дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Бүгінде бөлімше бастығы капитан Айдос Ауғанұлы Умарбектің басшылығымен ұжымда ұйымшылдық пен өзара сенім орнаған. Қатардағы сарбаздан бастап, тәжірибелі офицерлерге дейін бір мақсат – Отан шекарасының мызғымастығын сақтау жолында қызмет етуде. Олар үшін әр таң – жаңа жауапкершілік, әр кезекшілік – ел тыныштығын қорғаудың маңызды кезеңі.

Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің басты нышаны. «Қордай» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері осы асыл міндетті абыроймен атқарып, өрлік пен адалдықтың шынайы үлгісін көрсетіп келеді.

ТАМ, ГДЕ ЗАКАНЧИВАЕТСЯ РОДИНА...

Там, где степь теряется в дымке горизонта, стоит село Уялы – крохотная точка на карте Северо-Казахстанской области. Но именно здесь, в тишине приграничья, живут и служат люди, для которых охрана Родины – не просто слова.

Пограничное отделение «Уялы» – это форпост Казахстана, выдвинутый к самым рубежам государства. Здесь нет бетонных казарм, комфорта или стабильного быта. Здесь – ежедневная служба в условиях, близких к экстремальным. Здесь патриотизм проверяется не на словах, а на поступках – в каждодневной службе, в ночных караулах, в дороге до соседних уже нежилых сёл Амангельды и Жаркын.

Но несмотря ни на что, пограничники несут службу с достоинством. Они знают, что позади них – вся страна. И пока они здесь, на своем посту, мирные жители могут спать спокойно.

Только за прошлый год в зоне ответственности пограничного отделения было задержано 15 нарушителей государственной границы и еще 20 человек за нарушение пограничного режима. Эти цифры – точный показатель работы. Это будни без огласки, но с реальным результатом.

Село Уялы находится в Акжарском районе Северо-Казахстанской области, вблизи озера Улкен-Карой и насчитывает всего 80 дворов, в котором проживают 400 человек. Несмотря на свои скромные размеры, эта земля хранит следы далекого прошлого. В округе археологи обнаружили курганы раннего железного века, следы

древних стоянок и могильников, подтверждающих: эти степи хранят в себе тысячелетия истории.

Здесь когда-то проходили караваны, кочевали племена, возводились сакральные сооружения. Сегодня их место заняли солдаты погранслужбы – те, кто продолжает охранять эти земли, как когда-то делали их предки. И пусть форма теперь другая, суть осталась той же: защищать землю, не дать врагу пройти. Проживает в селе и ветеран Великой Отечественной войны Сакен Кантаев, который своим примером учит любви к Родине и закладывает у молодого поколения морально-нравственные ориентиры.

Слово «патриотизм» в Уялы не произносят громко. Здесь оно звучит в молчаливом взгляде пограничника на границе, в крепком рукопожатии коллеги после смены, в звонке домой, когда нет сил, но есть чувство долга. Именно такие места, как Уялы, и делают Казахстан сильным. Не столичные площади, не трибуны, а неprimетные пограничные отделения, где каждый военнослужащий – это часть национальной гордости. Где каждый боевой расчет – это слава, хоть и без фанфар.

Пограничное отделение «Уялы» – это не просто рубеж. Это точка, в которой прошлое встречается с настоящим. Здесь служат те, кто верит: любовь к Родине – не абстракция, а дело жизни. И пока они стоят на своем посту, можно быть уверенным: Казахстан под надежной защитой.

Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР». Фото из
подразделения
границы.



ТАУДАҒЫ ДҮМПУ



Жақында журналистік іссапармен Райымбек ауданы бойынша басқармасына жолымыз түсті. Өйткені, мұнда ауқымды іс-шаралар қолға алынған. Солардың ішінен ең маңыздысы, «Кетпен» шекара бөлімшесінің аумағында біздің инженерлер Қорғаныс министрлігінің 58012 әскери бөліміне қарасты инженерлік-саперлік батальонының жеке құрамымен бірге жол салып жатыр.

Әрине, бұл – қаладағыдай жолға тас төсеу дегенді білдірмейді. Шекара нарядына шыққан шекарашылардың қызметін жеңілдету мақсатында инженерлер таудағы соқпақтарды тегістеу жұмыстарымен айналысуда. Бір жағынан, әскери көлік пен адамдардың жолына кесе-көлденең жатқан дәу тастарды жару үшін тротилді пайдаланған инженерлік-саперлік батальонының майталмандарымен де жақынырақ танысудың сәті түскен. Олар – аталған батальоның командирі майор Нұрберген Нұржұманов, инженерлік-саперлік рота командирі аға лейтенант Талант Тлеубеков, 1-ші инженерлік-саперлік ротасының технигі аға сержант Олжас Бакиров және 2-ші инженерлік-саперлік ротасының технигі, 3-ші сынып сержанты Ғабит Ағабек, аға саперлер, ефрейторлар Темірлан Жұмали, Нұрбақыт Садуақасқатар.

Бұлай ықпалдаса жұмыс істеу – бір бүгіннің өншісіндегі көрініс емес. Қорғаныс министрлігінің Қапшағайдағы әскери бөлімі бізге осымен екінші жыл қатарынан көмек қолын созып отыр. Атап айтар болсақ, өткен жылы қазақ-қырғыз шекарасының бойында олар жарған тротилдің дүмпуі ауық-ауық естілгені есте. Есесіне, бүгін бұл бағытта тартылған инженерлік сым бағандары мен салынған соқпақ –

сондағы ерен еңбектің өтеуі.

Бізді қарсы алған «Кетпен» шекара бөлімшесі бастығының міндетін уақытша атқарушы лейтенант Нұрқанат Дүйсенмен бірге тауға апаратын соқпаққа түстік. Бірнеше шақырымды басып өткенімізде барып, алдымен әскери жүк көлігі көрінген. Айналасында адамдар қараңдайды. Сөйтсек, біз іздеген инженер-саперлер екен. Шекара басқармасы бастығының тыл жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Т.Авутовты да осында кездестірдік. Ал санаулы минуттардан соң біз майор Н.Нұржұманов бастаған майталман саперлердің жанкешті еңбектен тұратын жұмыстарының күесіне айналдық.

...Жаңа ғана жаңбырдың суына шомылған тау бөктерінде бір ғана дыбыс жарып өтті – қыран да, өзен де емес, адам қолынан шыққан дүмпу. «Кетпен» мен «Өртенсай» шекара бөлімшелерінің арасына жол салып жатқан инженерлік-саперлердің еңбегі осылай басталады.

Бұл үшін алдымен қауіпсіздік шаралары сақталуға тиіс. Әйтпесе болмайды. Сондықтан дәл жолдың ортасында «жантайып» жатқан күйі көліктердің жүрісіне кедергі келтірген тасты жару үшін өздерінің аса-мүсейлерін дайындауға кіріскен саперлердің іс-әрекетін суретке

түсіруге кірістік. Бірі тастың астын үңгіп, белгіленген мөлшердегі тротилді жасыруға кіріссе, екіншісі сымдарды жымдастырып, уақыт өлшегішті тексереді. Бұл жерде бір қателікке орын жоқ, өйткені әр қимыл – өзіңнің де, қасыңдағы жолдасыңның да тағдырын шешеді. Ақыры дайындық бітіп, біз жарылыс алаңынан бірнеше жүз қадамдай жерге кетіп, жасырындық.

– «Жар!» – деген пәрменнен кейін тау іші дір етті. Дүмпу бір сәтке тыныштықты жұтып қойып, қайтадан жаңғырық болып қайталаңды. Шекарашылар жүретін соқпақтың бойында жартылай шығып жатқан

қойтастың қақ айырылып, майда кесектерге айналғаны анық еді... Құлақ тұндырған жарылыстан пайда болған шаң басылғанша біз өзіміздің жасырылған жерімізден шыққан жоқпыз.

Айту керек, біз дүмпу «дирижерларының» таудағы өнерлерін алғаш рет тамашалап тұр едік. Сөз жоқ, майор Н.Нұржұманов бастаған саперлер өз істерінің майталмандары. Осының арқасында, олар шекарашылардың тау ішіндегі жүрістерін жеңілдетті. Жолға кететін есіл уақыт та қысқарған...

Міне, Кетпен тауының ішіндегі қас-қағым, қарбалас осылай өрілген. Құлақ тұндырған жарылыстан кейін таудың ішінде қайтадан тыныштық орнаған. Ал біздің инженерлер болса, дереу жұмысқа кірісті. Жолды қиыршық тастардан тазалау үшін.

Біз болсақ, саперлермен қоштасып, төменге түстік. Алда бізді шекарашылардың кезек күттірмес майталмандары. Осының арқасында, олар шекарашылардың тау ішіндегі жүрістерін жеңілдетті. Жолға кететін есіл уақыт та қысқарған...

— МЕНІҢ ОТБАСЫМ – МЕНІҢ БАҚЫТЫМ —

МӨЛДІР МАХАББАТ – БЕРІК ТЫЛ КЕПІЛІ

Көрші аспанастаны елімен шекаралас жатқан Нарынқолға оншақты шақырым жетпей, солға бұрылып кетсеңіз, Қостөбе ауылынан бір-ақ шығасыз. Иә, балалар классигі Бердібек Соқпақбаев туған, жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» секілді өлмейтін шығармаларының жазылуына себеп болған қазақ елінің бір пұшағы...

қимыл-қозғалысын фотообъективтің нысанасына «алғанбыз». Осылардың барлығын бітірген кезде аға нарядшының ұсынысымен, бір төбенің басынан шығып, төңіректі тамашаладық. Білесіз бе, дәл осы сәт мен өзім қатты құрмет тұтатын журналист-жазушы, деректі дүниелердің дарабозы атанған Жанболат Аупбаевтың «Жанарымда, туған жер» деген ерекше айдарды ойлап табуының сырын терең түсінгендей болдым. Иә, иә, осы сәт мен де өзімнің қос жанарыма сұлулығында шек жоқ туған жерімді сыйдырып тұр едім...

Енді міне, осынау керемет көріністі күнде көріп жүрген Райымбекпен бірге бөлімшеге шабыттанып оралған біз алдымен осында шекараның қым-ғуыт тіршілігімен танысып, жаңа қызметтің қыр-сырына үңілуге кіріскен жас сарбаздармен кездестік. Әрине, іштерінде ақындығымен «танымал» болып үлгерген сарбаздардың бірімен сұхбаттасып, Мұқағалидың өлеңдерін жатқа айтатын келісімшарттың әскери қызметшісін суретке түсіріп дегендей, қыруар жұмысты бітіргенімді сол еді, ауланың шетінен шыға келген бір кішкентай ұлдың офицерге қарай құлдырындап жүргені бар емес пе?.. Сол-ақ екен, командирге тән қатап жүзі бірден жылып сапа берген офицер балақайды жерден лып еткізіп көтеріп алып, емірене құшағына басты.

Жүрекке жылы тиіп жатқан осынау көрініс: «Менің отбасым – менің бақытым» айдарына

«сұранып» тұр еді. Әскери журналистер үшін «Ойға алдың – орындалды» деген қағида бар емес пе, сәлден кейін біз Райымбек Сексенбайұлын жанұясымен суретке түсіріп алдық. Сосын офицердің тылдағы сенімді тірегі, шекараның қызығы мен қиындығы қатар өрілген өмірін бастарынан бірге кешіріп келе жатқан Мөлдір Ерболатқызымен танысып, емен-жарқын сұхбаттастық. Балалық бал дәуірлері шекарашылардың ортасында өтіп жатқан Раяна мен Рамир есімді бүлдіршіндердің тәтті қылықтарына сүйсіндік.

Иә, жақында ғана біз бір жас лейтенанттың сүйгеніне жүрегі мен қолын ұсынған сәтінің күесі болған едік... Ал мақаламыздың бас кейіпкері Райымбек мұны осыдан төрт жыл бұрын жасаған болатын. Бүгін Мөлдір – өз қолдарымен құрған шаңырақтың жылуын сақтаған ару, офицердің жары, қос құлыншақтың сүйікті анасы. Сеніңіз, екінші бірінің басына беріле бермейтін бақ.



Бетті дайындаған
ҚР журналистер
одағының мүшесі,
әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген
автор.

«Шекара объектив көзімен» – ел қорғаушыларына тағзым

Астана қаласының «Нұрлы жол» теміржол вокзалы 2025 жылдың 15 тамызында ерекше бір толқулы, тағылымды сәтке куә болды – аға лейтенант, кәсіби фототілші, шекара шебінің шежіресін жасаушы Асхат Сабиевтің «Шекара объектив көзімен» атты фотокөрмесі салтанатты түрде ашылды. Бұл күннің символдық мәні зор еді: шекарашылардың кәсіби мерекесі – 18 тамыз қарсаңында өтіп отырған көрме еліміздің қырағы қорғандарының бейнесін, олардың тыныс-тіршілігін, ерлігін және туған жердің әсем табиғатын бір арнаға тоғыстырды. Асхат Сабиев 15 жылдан астам уақыт бойы «Отан сақшысы – Часовой Родины» газетінің фототілшісі болып еңбек етіп, қарлы боранда да, шілденің аптабында да, шекара шебінде күн-түн демей қызмет атқарып жүрген сарбаздардың өмірін сурет тілімен сөйлетіп, уақыттың кадрларға таңбаланған шынайы айнасына айналдырды.



Оның фотосуреттерінде адамның ерік-жігері мен табиғаттың құдіреті қатар ерілген: боранды далада қарауыл мұнарасында тұрған жас шекарашы, күздің мұнарлы таңы мен күзетте тұрған сарбаздың өткір жанары, шексіз шөл мен аптапқа төтеп беріп, шекара бағанына тік қарап тұрған жігерлі бейнелер – бәрі де Отан алдындағы адал серттің көрінісі.

Көрменің ашылу салтанаты тарихи мәнге толы болды. Қызыл лентаны қию мөртебесі шекара ардагерлері «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор М. Сабидолданов пен генерал-майор Т. Уажановқа бұйырды. Бұл – ардагерлер мен қазіргі буын арасындағы үзілмес сабақтастықтың, ел қорғау эстафетасының символдық сәті болды. Сол күні вокзалдың кең холында көпшілік жиналып, фотосуреттерге ұзақ үңілді. Олардың арасында шекара қызметінің ардагерлері, бүгінде шекара күзетінде тұрған сарбаздар, сондай-ақ әскери өмірдің мәнін енді ғана ұғынып келе жатқан жас шекарашылар да бар еді. Көпшіліктің жүзінен мақтанш пен ризашылық, кейде сағыныш пен толқу сезімі байқалды, өйткені әр суретте біреудің жастық шағы, біреудің қызметтегі күндері, біреудің өмірлік естелігі бар.



«Шекара объектив көзімен» – жай ғана көрме емес. Бұл – сарбаздың серті мен суретшінің шеберлігі тоғысқан көркем шежіре, бейбіт күннің қалқанын

Көрме тек фотосуреттер шеруі ғана емес, шекара шындығының бейнелі шежіресі болды. Мұнда Қазақстанның шекаралық өңірлерінің бар болмысы көрініс тапқан шығыстағы қарлы Зайсан, батыстағы желді Маңғыстау, оңтүстіктің қызғалдақты даласы, солтүстіктің ну орманы – бәрінің терінде шекарашы тұр. Бұл табиғат пен адам арасындағы үндестік – туған жердің тыныштығын күзетіп тұрған қырағы көздің символы. Әр кадрда – тәулік бойы тоқтаусыз қызмет, ауа райының қиыны мінезіне төтеп берген төзім, бейбіт өмірдің құнын терең түсінген жауапкершілік бар.

Көрменің авторы Асхат Сабиев өзінің жүрекжарды сөзінде: «Бұл туындылар арқылы шекара шебіндегі өмірді, біздің күнделікті қызметімізді халыққа жеткізіміз келді. Шекарашылардың еңбегі – ерен еңбек. Олардың әр қадамы – ел тыныштығы үшін жасалған қадам. Шекара – халықтың қорғаны, ал оны күзету – біздің қасиетті борышымыз», – деді. Бұл сөздер көрмеге жиналған әрбір адамның жүрегіне жетті.



Подполковник Ж. КЕМЕЛ, «ОС-ЧР». Суреттерді түсірген қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

От имени Оперативной пограничной группы ФСБ России в Республике Казахстан поздравляю руководство, всех военнослужащих и ветеранов Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан с профессиональным праздником – Днем пограничника!

Охрана рубежей Отечества, требует от пограничников особого мужества, стойкости, а нередко и героизма. Именно поэтому они пользуются исключительным уважением и признательностью за их нелегкий, каждодневный и самоотверженный труд, от которого зависит мир и спокойствие страны, обеспечивается целостность и неприкосновенность ее границ.

Казахстан может по праву гордиться твердостью духа и отвагой людей, связавших свой жизненный путь с делом защиты национальной безопасности, жизненных интересов государства и общества.

Особое почтение – ветеранам Пограничной службы КНБ РК, чьи ратные подвиги,

боевой и человеческий опыт – отличная школа жизни, образец беззаветной преданности Родине, яркий пример для подражания новых поколений юных граждан Казахстана, которые вдохновляясь ими, ежегодно вступают в ряды пограничников.

Мы верим, что крепкая пограничная дружба России и Казахстана и дальше будет служить гарантом безопасности наших братских народов, способствовать противостоянию общим вызовам и угрозам.

В этот праздничный день от всей души желаем всем пограничникам, ветеранам, членам семей крепкого здоровья, огромного счастья, мира и благополучия, дальнейших успехов в службе!

Руководство и сотрудники
Оперативной пограничной группы ФСБ России
в Республике Казахстан

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ АДАЛ ҚЫЗМЕТ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының Жарбұлақ шекара бөлімінде қызмет ететін аға нұсқаушылардың бірі – кіші сержант Ақашев Ринат Бекмұратұлы. Өз ісіне адал жауапкершілігі жоғары, мінсіз қызметімен ерекшеленетін ол әріптестері мен жас шекарашыларға үлгі болып келеді.



бөліміне қызметтік иттер аға нұсқаушысы лауазымына тағайындалды. Бүгінде де ол шекара күзетінде алдыңғы шепте, күн-түн демей қызмет атқаруда.

Қызметтен тыс уақытта Ринат Бекмұратұлы – үлгілі отбасының тірегі. 2018 жылғы 22 тамызда Омарова Айым Данабекқызымен шаңырақ көтерді.

Отбасында екі ұл бір қыз тәрбиелеп отыр. Үлкен ұлы мен ортаншы баласы әкесінің әскери формасына қызығып, болашақта Отан қорғаушы болуды армандайды.

Әскери ортада да, отбасында да Ринат Бекмұратұлы – сыйлы, беделді азамат. Оның қарапайымдылығы мен еңбекқорлығы әріптестерінің арасында зор құрметке ие.

2023–2024 жылдары Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының үздік аға нұсқаушысы атағын иеленді. Бұл марапат – оның кәсіби шеберлігі мен адалдығының нақты дәлелі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Мінсіз қызметі үшін» төс белгісімен марапатталды. Бұл – көп жылғы еңбегінің, тәртіпке берік ұстанымының және ел қауіпсіздігі жолындағы табанды қызметінің айқын бағасы.

Кіші сержант Ақашев Ринат Бекмұратұлы – жас буынға үлгі боларлық әскери қызметкер. Оның өмірлік ұстанымы – «Отан алдындағы адалдық – ер азаматтың ең басты парызы».

Ол өз міндетін абыроймен атқара отырып, елдің тыныштығы мен шекарасының мызғы-

Ринат Бекмұратұлы 1991 жылы 10 мамырда тарихи Семей қаласында дүниеге келді. Балалық шағын Шығыс Қазақстан облысы, Ұржар ауданы, Мақаншы ауылында өткізді.

1998 жылы Сейфуллин атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, білімге құштар, тәртіпті оқушы ретінде ұстаздары мен қатарластарының құрметіне бөленді.

2009 жылы орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, өмірдің жаңа белесіне қадам басты. Жастық жігері мен Отанға деген сүйіспеншілігі оны әскер қатарына жетеледі.

2010 жылы Мақаншы ауылдық әскери комиссариатынан әскерге шақырылып, Қарағанды қаласындағы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскері 6505 әскери бөлімінде борышын өтеуге аттанды.

2010–2011 жылдар аралығында Шахтинск қаласына қарасты Долинка ауылында әскери борышын абыроймен атқарды. Бұл кезеңде ол тәртіп, шыдамдылық пен ұжымдық рухтың нағыз мектебінен өтті.

Әскер қатарынан оралған соң, азаматтық өмірде де білімін жалғастыруды мақсат етті.

2013 жылы Семей қаласындағы Шөкәрім атындағы мемлекеттік университеттің «Автомобиль қондырғыларына техникалық қызмет көрсету, автоматтандыру» факультетіне оқуға түсіп, төрт жыл бойы тиянақты білім алып, 2017 жылы жоғары оқу орнын тәмамдады.

Әскери саладағы еңбек жолын 2015 жылы Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Тасты» шекара бөлімшесінде қызметтік иттер қызметінің аға нұсқаушысы қызметінен бастады.

Қызметтік иттермен жұмыс – ерекше кәсіби дайындықты, шыдамдылық пен жануар психологиясын түсінуді қажет ететін жауапты іс. Бұл салада Ринат Бекмұратұлы өзін нағыз маман ретінде көрсете білді.

2016 жылдың қараша айында «Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесіне ауыстырылып, осында аға нұсқаушы ретінде қызметін жалғастырды.

Көп жылдық тәжірибесінің арқасында шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосты. Ол басқарған және жаттықтырған қызметтік иттер талай мәрте шекара күзетінде өздерінің кәсіби дайындығын дәлелдеді.

2025 жылдың шілде айында Жарбұлақ шекара



мастығын қамтамасыз ету ісінде тер төгіп келеді. Мінсіз қызмет пен отансүйіштік – Ринат Бекмұратұлының әскери жолындағы басты бағдаршамы болып қала бермек.



Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «ОС-ЧР».
Суреттер шекара
басқармасынан.

ӨЗІНЕ ДЕ, ӨЗГЕГЕ ДЕ ТАЛАП ҚОЯ БІЛЕТІН

Бүгінгі біздің мақаламыздың кейіпкері – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментіне қарасты «Қосшын» шекара бөлімшесінің бастығы, капитан Санат Уәлиев. Ол 1998 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауылында дүниеге келген.

Мектеп қабырғасын үздік аяқтап, 2016 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің академиясына оқуға түсіп, 2020 жылы үздік нәтижемен тәмамдады. Академия қабырғасында білімге құштарлығымен, тәртіптілігімен және алғырлығымен көзге түсіп, курсанттардың арасында ерекше танылған. Оқуын аяқтаған соң Сыр өңіріне қызметке жіберіліп, 2020–2025 жылдар аралығында түрлі лауазымдарда қызмет атқарған Атап айтқанда: топ бастығы, шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, ал



қазіргі уақытта «Қосшын» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымында абыроймен қызмет етіп жүр.

Санаттың аз уақыт ішінде қарапайым офицерлік лауазымнан бөлімше басшысы деңгейіне дейін өсуі – оның Отанға деген адалдығының, табандылығы мен іскерлігінің айқын дәлелі. Ол берілген кез келген тапсырманы жоғары жауапкершілікпен, нақты әрі уақытылы орындай біледі.

Қызметтен тыс уақытында өзін дамытумен шұғылданады. Атап айтқанда, ағылшын тілінің Pre-Intermediate деңгейін меңгеріп, кәсіби деңгейде шет тілін үйреніп жүр. Сонымен қатар, дзюдо спортынан спорт шеберлігіне кандидат атағына ие. Бұл да болса, әскери қызметшінің жан-жақты дамуына деген ұмтылысының көрінісі. Капитан Санат Уәлиев – тек кәсіби маман ғана емес, сонымен қатар ізденімпаз әрі өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін нағыз көшбасшы. Ол өз бөлімшесіндегі жеке құраммен тығыз байланыс орнатып, жас сарбаздарға үлгі бола білді. Әскери тәртіптің сақталуы, қызметтік міндеттердің сапалы орындалуы мен бөлімшенің ұйымшылдығы – тікелей оның білікті басшылығының нәтижесі.


Сонымен қатар, Санат Уәлиев әскери қызметті тек кәсіби міндет деп емес, азаматтық борыш деп түсінеді. Жас офицерлер мен сарбаздарды тәрбиелеу ісінде де белсенділік танытып, олардың патриоттық рухын көтеру бағытында жұмыстар атқарып келеді. Бөлімшенің тыныс-тіршілігін жетік білетін ол әр қызметкердің жағдайына бейжай қарамай, ұжым ішінде сыйластық пен түсіністік орната алған.

Осындай жан-жақты қабілетке ие, білікті, білімді офицерлер – бүгінгі Шекара қызметінің тірегі, ел қауіпсіздігінің кепілі.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

АСКАР МОЛДАБЕКОВ И ЕГО ВЕРНЫЙ ТОТЕМ



На железнодорожной станции Пресногорьковка прибытие поезда – это не просто расписание, а момент, когда внимание и опыт сотрудников выходят на первый план. В отделении пограничного контроля «Пресногорьковка» (железнодорожное) Департамента ПС по Костанайской области служит младший сержант Аскар Молдабеков и его верный напарник – служебная собака по кличке Тотем.

Аскар родился 3 декабря 1994 года в селе Куйбышевский. После школы освоил профессию «мастер производственного обучения», а в 2016 году был призван на срочную службу, где выполнял обязанности оператора-наводчика танка Т-72.

После армии недолго работал на заводе, но в 2020 году решил вернуться к военному делу, поступив на контрактную службу в Департамент ПС по Костанайской области. Здесь он прошел обучение и стал старшим инструктором служебных собак.

Тотем попал к нему щенком в возрасте четырех месяцев из учебно-спортивного комплекса «Караой». С первых дней начались тренировки: утренние занятия по поиску, выдержка, работа в шумной обстановке. Вечером – прогулки и игры для укрепления доверия.

– Служебная собака должна не просто выполнять команды, а чувствовать своего

проводника. Это работа на доверии, – подчеркивает кинолог.

На службе Тотем проверяет вагоны, автомобили, грузы. Когда он находит что-то подозрительное, садится и не двигается, глядя на пограничника. Для Аскара – это сигнал действовать.

Вне службы жизнь младшего сержанта также насыщена. В 2023 году он женился, а в следующем – стал отцом. Жена и маленький сын – его главная опора.

История Аскара и Тотема – это история дружбы, взаимного доверия и преданности делу, благодаря которым железнодорожная граница остается под надежной защитой.



Старший лейтенант
Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из личного
архива А. МОЛДАБЕКОВА.

СПОРТ

АДАЛДЫҚ ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚ

Тәуелсіз Қазақстанның шекарасын мызғымай қорғап келе жатқан майталман мамандардың бірі – Абдуллабекқызы Бибіжамал Тау. Ол 1980 жылдың 4 наурызында Түркістан облысы Сарыағаш қаласында дүниеге келді. Отбасындағы төрт баланың үшіншісі, әкесінің ерекше еркелеткен «бетке устар қызы» болған ол жастайынан талапшылдық пен еңбекқорлықты бойына сіңіріп өсті.



Орта мектепті тәмамдаған соң, Алматы қаласындағы Д.А. Қонаев атындағы гуманитарлық-заң факультетінде білім алып, жоғары оқу орнын қызыл дипломмен аяқтады. Алайда, заңгерлік жолмен қатар, ол бала күні арманы – әскери қызметкер болуды тандап, 2002 жылдың күзінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарына қабылданды. «Жібек жолы» шекаралық бақылау

бөлімшесінде бақылаушы маман ретінде алғашқы қызметін абыроймен атқарып, қысқа мерзім ішінде өз кәсібилігімен көзге түсті.

Ол тек қызметінде ғана емес, отбасылық өмірінде де бақытын тапты. 2006 жылы әріптесі, әскери қызметші, прапорщик Тау Ануар мырзамен шаңырақ көтеріп, бүгінде үш баланың асыл анасы. Үлкен қызы Аида – «Алтын белгі» иегері,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті. Ұлы Айдар – «Жас Ұлан» лицейінің үздік шәкірті, халықаралық «Айбын» турнирінің гран-при иегері. Кенже қызы Әсем – би және мөнерлеп оқудан халықаралық байқаулардың жеңімпазы.

Бибіжамал – қызмет жолында да, спортта да оза шапқан жан. Ол қоян-қолтық ұрыстан ҚР чемпионатында екі мәрте қола,



екі мәрте күміс жүлдегер атанып, 2023 жылы ҚР ҚМ кубогының жүлдесін иеленді. 2021 жылдан бері жеңіл атлетикамен айналысып, марафондар мен трейл жарыстарында талай мәрте топ жарды: Самарқанд марафоны (42,2 км) – алтын, Түркістан марафоны (21,1 км) – алтын, Бухара марафоны (5 км) – күміс, Шымкент марафоны (5 км) – күміс, Президенттік көпсайыс – 1 орын (алтын), Таулы трейл (8 км, 12 км) – екі мәрте күміс. Сондай-ақ Стамбул, Алматы сияқты ірі қалалардағы халықаралық марафондарға қатысып, еліміздің намысын абыроймен қорғады.

Абдуллабекқызы Бибіжамал

– нағыз шекарашының бейнесін айқын көрсететін тұлға. Ол қызметінде де, спортта да, отбасында да адалдық пен таяндылықты басты қағида етіп ұстанып, ерқашан биіктен көрініп келеді.

Елі үшін ерен еңбек етіп, Отан шебін мызғымай күзетіп жүрген осындай жанның өмір жолы – жас буынға үлгі, ел мерейін үстем ететін мақтаныш.



Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР».
Суреттер
шекаралық
бақылау бөлімінен.

АДАЛ ҚЫЗМЕТКЕ – АБЫРОЙЛЫ ҚОШЕМЕТ

Шекара шебінде өткен жылдар – әр шекара сақшысы үшін өмірінің ең жауапты кезеңі. Ал подполковник Серік Жұманғазин үшін бұл кезең жиырма бес жылдан астам уақытқа созылды. Ол бүкіл еңбек жолын Отан шекарасын күзетуге, ел қауіпсіздігін сақтауға арнады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінде өткен салтанатты жиын осы абыройлы еңбектің лайықты бағалануы болды. Департамент басшылығы, әріптестері мен жас сарбаздар бас қосып, Серік Оразбайұлының адал қызметін құрметпен атап өтті. Шара барысында оған алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс

етілді. Жиынға жиналғандар оның шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі табандылығын, әріптестеріне деген сыйластығын, жас офицерлерге берген тағылымды тәлімін ерекше атап өтті.

Көп жылғы қызметінде ол талай жас маманның қалыптасуына ықпал етіп, адалдық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетті. Енді Серік Оразбайұлының есімі мен еңбегі әріптестерінің жүрегінде өнегелі естелік болып қала бермек.



Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК ЖОЛЫ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ АЙНАСЫ

Шығыс Қазақстан өңірінің абыройлы азаматы, туған жерінің адал перзенті – Тюменбаев Оралбек Адылханович 1964 жылдың 10 наурызында Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Қарой ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Қарой ауылындағы мектепке барып, білім нәрімен сусындады.



Жасынан еңбекке араласқан ол 1981–1982 жылдары Қарой совхозында тракторшы болып жұмыс істеді. Еңбекке деген жауапкершілігі мен адалдығы ерте байқалды.

1982 жылы әскер қатарына шақырылып, 1984 жылы елге оралғаннан кейін туған ауылында жүргізуші қызметін жалғастырды. 2006 жылдан 2017 жылға дейін Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасында әскери келісімшарт негізінде жүргізуші лауазымында қызмет атқарып, тәртіп пен талаптың үлгісін көрсетті. Бұл жылдарда ол әріптестерінің сенімін ақтап, талай жауапты тапсырмаларды мінсіз орындады.

Оралбек Адылханович – бір ұл мен бір қыздың әкесі, немере сүйіп отырған балалары ата. Жұбайы Тюменбаева Замза – 1964 жылғы, Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының тумасы.

2020 жылдың маусым айынан бері инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің аға жүргізушісі болып қызмет атқаруда. Ол ауыр жүк көлігін (MAZ-6430008) тізгіңдей отырып, шекараны



Подполковник
Г. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.

ХРАНИТЕЛЬНИЦА УЮТА НА ГРАНИЦЕ

За суровой гранью пограничной службы, где каждый день – это высокая ответственность, внимательность и самоотдача, есть люди, чье неоценимое участие остается за кадром. Они не несут караулы на посту, не стоят на страже рубежей с оружием в руках, но именно их труд помогает создать ту атмосферу, в которой военнослужащие могут сосредоточиться на своем долге. Одной из таких важных, но скромных героинь является Любовь Малахова – женщина с большим сердцем, добротой и искренним желанием помогать.



лет, дочке Карине – 13 лет, а самой младшей Арине – всего 2 года. Для Любови семья – это источник вдохновения и главная ценность в жизни, ради которой она готова идти вперед и преодолевать любые трудности.

С 2019 года Любовь Владимировна трудится в пограничном отделении «Атколь», где строго по регламенту выполняет свои обязанности, поддерживая чистоту и порядок в отделении. Ее работа – это не просто уборка помещений, это создание атмосферы уюта и заботы, которая позволяет военнослужащим с полной отдачей выполнять свой важный долг по защите Родины.

– Для меня чистота – это больше, чем порядок. Это любовь и уважение к людям, которые каждый день стоят на защите безопасности нашей

страны. Я хочу, чтобы они возвращались на заставу и ощущали здесь тепло, уют и поддержку, как дома, – делится своими мыслями Любовь Владимировна.

В свободное время она увлекается чтением. Книги для нее – это не только способ отдохнуть, но и источник новых знаний, вдохновения и сил, которые помогают ей сохранять оптимизм и внутреннее равновесие.

В год рабочих профессий, мы с особой теплотой и благодарностью говорим о людях, чья работа часто остается в тени, но без которой невозможно представить настоящую службу. Благодаря таким людям, как Любовь Владимировна, пограничные отделения не просто охраняют границы, а становятся настоящими домами для военнослужащих Пограничной службы, где каждый чувствует поддержку и заботу.



Майор
Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР». Фото из
личного архива
Л. МАЛАХОВОЙ.

БӘБІШ МОЛА СЫРЛЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сыр өңірі – Қазақстан тарихының алтын бесігі. Бұл өлке – көне қалалардың, ежелгі өркениеттің, бабалар ізі қалған қасиетті мекен. Осындай тарихи мұралардың бірі – Бәбіш мола ескерткіші. Бұл ескерткіш – Сыр бойындағы өркениеттің биік көрінісі ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жадын сақтап тұрған құнды орын.



Бәбіш мола Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы аумағында, Жосалы кентінен солтүстікке қарай шамамен 40-50 шақырым жерде орналасқан. Ол Арал маңы ойпатының оңтүстігінде, шөлді жазықтың ортасында тұр. Ескерткіш VI–VII ғасырлардан бастап XIII–XIV ғасырларға дейінгі кезеңдерді

қамтитын үлкен мәдени кешен. Мұнда бір кездері қала болғаны, тұрғындардың тұрақты өмір сүргені және сауда-саттықтың жүргені археологиялық зерттеулер арқылы дәлелденген.

Бәбіш мола деген атаудың өзі қызығушылық тудырады. “Бәбіш” сөзі түркі тілдерінде «үлкен ана», «ақ жаулықты әже» деген мағына



береді. Бұл атау киелі жер екенін, жерленген адамдардың ерекше құрметке ие болғанын білдіреді.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде бұл жерде көптеген тарихи жәдігерлер – қыш құмыралар, темір және қола бұйымдар, тұрмыстық заттар табылған. Бұл табылған дүниелер Сыр бойындағы қалаларда дамыған мәдениеттің, қолөнер мен сауданың жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.

Бәбіш мола тек археологиялық құндылық емес, сонымен

қатар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің, тарихқа құрметпен қараудың бір құралы. Өткенге көз жүгіртіп, осындай ескерткіштер арқылы ата-бабаларымыздың өмірін, мәдениетін тану – болашақ ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырады.

Қазіргі таңда Бәбіш молаға зерттеушілер ғана емес, туристер мен жастар да қызығушылық танытып келеді. Бұл – қазақ халқының терең тамырлы тарихы бар екенінің тағы бір айғағы.

Қорытындылай келе, Сыр

өңіріндегі Бәбіш мола – біздің ұлттық құндылығымыз, өткеннің ізі. Оны сақтау, таныту – әрбір азаматтың парызы. Болашақ ұрпақ осы ескерткіштер арқылы ата тарихын біліп өссе, ұлт рухы ешқашан жоғалмайды.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Сурет
ғаламтордан.**



ЖИ арқылы жасалған «Өткен мен Болашақ» тақырыбындағы сурет
Қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.